Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

20 қыркүйек сейсенбі

№75 (1879)

2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЕЛОРДА АСТАНА АТАНДЫ

Президент жарлыққа қол қойды

Ел ішінде соңғы кезде көтерілген мәселенің бірі бас қаланың атауымен байланысты болған еді. Көпшілік елордаға Астана атауын қайтаруды сұрады.

Қоғам талқысына түскен мәселе Мәжілісте де қаралды. Парламенттегі депутаттар тобы елорданың бұрынғы Астана атауын қайтару жайлы бастама көтерді. Халық қалаулылары өз кезегінде тұрғындармен кездесулерде айтылған ұсыныстарға, сондай-ақ референдум кезінде азаматтардың көптеген өтініштеріне сүйенгенін де айта кеткен жөн.

Мәжіліс депутаттарының ұсынысы Мемлекет басшысының келісімімен Конституциялық заң жобасына енгізілді. Жұма күнгі өткен Парламенттегі қос палатаның бірлескен отырысында Конституциялық заң жобасы мақұлданды. Сенбіде, яғни 17 қыркүйекте Қазақстан Президенті «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Республика басшысы дәл осы күні елордаға Астана атауын қайтару туралы жарлыққа да қол қойды.

«Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының атауы Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы деп өзгертілсін», – делінген жарлықта.

МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

ДУМАНҒА БӨЛЕГЕН ШАРА

қала күнінде 40 қазан палау басылды

Сұлу сырдың бойы ақ күріштің мекені екенін тағы бір дәлелдеді. «Қала күні» мерекесінде 40 қазан палау басылып, тегін таратылды.

Күз – молшылықтың, байлықтың, берекенің мезгілі. Мектепке асыққан бала, қамбаны астыққа толтырған диқан, қыс азығын жинаған шаруа, еңбекпен біте қайнасқан тірлік осы уақыттың еншісінде. Жыл сайын күзде Қызылорда қаласы күні тойланады. Биыл мереке «Ауыл – елдің айнасы» айдарымен «Ауылым – берекенің ақ бесігі» атты этно бағыттағы ауыл кешіне ұласты. «Сыр Ана» монументі алаңындағы мерекелік шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, айтыскер-ақын, Гиннестің рекордтар кітабына енген «1000 күбі» жобасының авторы Аманжол Әлтаев, «Хабар» агенттігі АҚ басқарма төрағасы Берік Уәли, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы қызылордалықтарды қала күнімен құттықтап, күрішті аймақта палаушылар сайысын ұйымдастырудың түп-тамырында ұлттық салт-дәстүр жатқанын айтты.

– Баршаңызды Сыр өңірінің бас шаһары – Қызылорда қаласының күнімен шын жүректен құттықтаймын. Қызылорда – тарихи астана, ұлтым деп соққан ұлы жүректердің, Алаш арыстарының ізі қалған қасиетті жер. Қала күні мерекесін тойлау әрбір жерлесіміз үшін маңызды әрі мерейлі сәт деп санаймын. Бір ай көлемінде түрлі сипаттағы ауқымды іс-шаралармен жалғасатын думанды басқосулар берекелі күздің «Алтын дән» мерекесімен сабақтасады. Бүгін, міне, өздеріңізбен бірге аймақтағы «Сыр-Ана» монументі алаңында есте қалар ерекше бір шарада бас қосып отырмыз. Ақ күріштің аймағы атанған Сыр елінде палау пісірушілердің басын қосқан үлкен сайысты этноауыл форматында ұйымдастырудың символикалық мәні бар деп санаймын, – деді облыс әкімі.

2 БЕТТЕ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ҚАРТТЫҢ ОРНЫ «ҚАРТТАР ҮЙІ» ЕМЕС

Қарт деген кім? Үйіндегі ақ жаулықты әже мен ақ сақалды атаң емес пе? Отбасының құты, берекесі болған қазыналарымыз екенін бірі білсе, бірі біле бермейді. Түн ұйқысын төрт бөліп, бар тапқанын баласының аузына тосып, баптап өсіргенде қызығымызға кенеліп, ортамызда жүре берсе екен деп тілейміз. Алайда бес саусақ бірдей болмайтыны секілді, перзенттердің барлығы ата-аналарын алақанда аялап отырған жоқ. Жасы жеткенде жаратпай, кейбір безбүйрек балалар өз ата-анасын жетелеп, қарттар үйіне тапсырып жүр. Ащы да болса ақиқаты – осы.

Естіген құлаққа түрпідей тиетін «Қарттар үйіне» арнайы бардық. Қоңыр күздің мамыражай шуағына жылынып, әр жерде бүрісіп отырған қарттарды көргенде жүрегің атша тулап, көзіңе еріксіз жас үйіріледі. Бір мезет балаларының жүзін көріп, мауқын басу үшін құшағына алуды аңсаған қарттарды көргенде елжіремейтін жүрек қалмайды-ау, сірә?!

ЖАСЫМ КЕЛГЕНДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫМ

Қарттар үйін мекендеген қариялардың жанарынан тағдыр талқысына амалсыз көндіккен шарасыз бейнені

көресің. Көресің де өмірге өкпе артасың. Жасы ұлғайған шақта төрт қабырғаға қамалып, бұлыңғыр терезеге үмітсіз телміріп отырудың қаншалықты қиын екенін былайғы адам біле бермеуі бек мүмкін. Жалғыздықтан жапа шегіп, осы орталықты мекендегеннің бірі – Рай Сақтапбергенов. (аты-жөні өзгертілді).

– Алдағыны Алла біледі деп отыратын байырғы бабалар сөзі рас екен. Мен де жас болдым. Өз ортам, өз отбасым болды. Үйлендім, жар сүйіп, бала қуанышын көрдім. Ұзақ жыл мұғалім болып, содан зейнеткерлікке шықтым. Әйелім дәрігер болып қызмет атқарды. Бір ұл, бір қызымыз болды. Өзім жеті ағайындымын. Ата-анам темір жол саласында еңбек етті. Жасым келіп, жалғыз қалғанда бір өзім тұруым қиын болды. Содан осы орталыққа келуіме тура келді. Бітеу жараны тырнап, өткен өмірімді айтқым да, ойлағым да келмейді. Бір білерім, мен жүрген жолмен ұл-қызым жүреді. Мен жатқан салқын керуетке олар да келетін күн туады. Ал орталық жайлы әңгіме мүлде бөлек. Ішер ас, жатар орнымыз дайын. Медбикелер зыр жүгіріп жүр. Күнделікті тексеріп тұрады. Орталық қызметкерлеріне алғыстан басқа айтарым жоқ, – дейді қарт кісі.

Әр сөзін бөліп айтқан қарияның жан дүниесі алай-дүлей болып отырғанын іштей сезіндік. «Құдай қуат берсін!» дегеннен басқа ештеңе айта алмадық.

«№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» мәліметіне сүйенсек, 280 орынға арналған, оның ішінде стационарлық жағдайда тұрақты тұруға 180 орын, жартылай стационарлық жағдайда 100 орын бар. Қазіргі уақытта мекемеде стационарлық жағдайда 145 қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілуде. Оның ішінде 109 ер, 36 әйел адам. Орталықта 6 тыл ардагері, 4 отбасылық жұп, 7 өзге ұлт өкілі бар. Ең үлкен қызмет алушы 87 жаста болса, ең жас қызмет алушы 38 жаста. Мұнда қарттардан бөлек мүмкіндігі шектеулі жастар да бар. Қарттар үйі сапалы заманауи медициналық құралдармен жабдықталған. Физио-емдеу, спорттық велотренажерлармен қамтылған. Емдік денешынықтыру, егу, оңалту және парафинмен емдеу кабинеттері бар.

3 БЕТТЕ

РЕСЕЙ-УКРАИНА: ПЕКИН МӘСКЕУГЕ КӨМЕКТЕСЕ МЕ?

Украина жерінде Ресейдің шабуылы әлі күнге дейін жалғасуда. Дегенмен соңғы аптада Украина әскері ресейліктерге тойтарыс беріп, біраз жерін кері қайтарып алды. Ал батыс елдерінде НАТО-ны қолдап, Ресейге қарсылық білдірушілер қатары артуда. Осы орайда CNN арнасының тілшісі Люк Макги «Путинге Украинадағы сәтсіздіктерінен кейін Си Цзиньпиннің көмегі қажет» тақырыбымен сараптамалық мақала жариялады.

Ақпанның басында Ресей президенті Владимир Путин Бейжіңде Қытай басшысы Си Цзиньпинмен кездескен еді. Саммитте екі басшы үнемі дамып келе жатқан байланыстарын атап өтіп, НАТО-ның кеңеюіне қарсы екендерін білдірген. Сол жиыннан кейін үш апта өткен соң Ресей Украинада өзінің «арнайы операциясын» бастаған еді. Алайда саммит барысында соғыс тақырыбы көтерілгені-көтерілмегені белгісіз.

Украинадағы соғыс басталғалы Путин ең қиын аптаны бастан өткерді. Себебі Киев ресейлік әскерге тойтарыс беріп, оларды кері шегінуге мәжбүр етті. Есеп бойынша Украина өзінің 6000 шаршы шақырым жерін кері қайтарып алған. Бұл Мәскеудің сәуірден бергі соғысында басып алған жерінен де көп. Бұл әлемдік аренада Путиннің имиджіне кері әсер етіп, жақтастарын азайтқаны сөзсіз.

«Путинге қарсылық білдірушілер Ресейде де бар және олар дегеніне жетуге де аз қалды. Бақытына орай, Путин Өзбекстандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті аясында бейсенбіде соғыс басталғаннан бері Си Цзиньпинмен алғашқы кездесуін өткізді.

Соғыс басталғаннан бері Ресей мен Қытай арасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін көп нәрсе жасалуда. Сарапшылардың пікірінше, Путин шайқас алаңындағы сәтсіздіктерден кейін Бейжіңге бұрынғыдан да көбірек сенетін болады», − деп жазады мақала авторы.

Венадағы Аустрияның Европалық және қауіпсіздік саясаты институтының директоры Велина Чакарова: «Ресей Қытайға сенім арту арқылы әлемге олардың берік байланысы батыстың қатаң санкцияларын «сәтсіздікке ұшырату» символы ретінде көрсеткісі келеді», − дейді.

Батыстың Ресейге деген қарсылығы күшейіп, НАТО-ға мүше елдердің саны көбейіп, Украинаға көмектесіп жатқан кезде, әлемдегі батысқа қарсы ең күшті елдің қолдауы Путинге үлкен өзгеріс әкелетіні сөзсіз.

«Қытайдың қолдауы Мәскеуге азық-түлік дағдарысы үшін Еуроодақтың санкцияларын, соғыстың басталуына НАТО-ны айыптауға көмектеседі. Нәтижесінде АҚШ бастаған «Батысқа» қарсылық білдіру және Қытаймен тығыз қарым-қатынас орнату оңай тиеді», − дейді Чакарова.

Соңғы уақытта Ресей Қытайдың қолдауына ие болуда. Мәселен, өткен аптада Қытайдың жетекші заң шығарушысы Ли Чжаньшу Мәскеуде Ресей Мемлекеттік Думасының төрағасы және басқа да ресейлік депутаттармен кездесті.

Думаның хабарлауынша, Ли: «Қытай Ресейді оның өмірлік мүдделерін білдіретін мәселелерде, атап айтқанда Украинадағы жағдайды түсінеді және қолдайды. Біз АҚШ пен оның НАТО-дағы одақтастары Ресей шекараларына жақын жерде өздерінің қатысуын кеңейтіп жатқанын көріп отырмыз. Бұл ұлттық қауіпсіздік пен Ресей азаматтарының өміріне қауіпті», − деп айтқан. Алайда бұл сөздер кездесудің қытайлық хаттамасында болмаған. Сондықтан Қытайдың Ресейге техникалық қолдау көрсетуге қаншалықты дайын екендігі туралы сұрақ туындайды.

«Әрине, Қытай Ресейдің ыдырауын қаламайды, ал идеалды әлемде Путиннің тұрақты басшылығы бәрінен де маңыздырақ болар еді», − дейді Лондон Корольдік колледжінің синология профессоры Керри Браун. Алайда ол «Украина Бейжіңнің құтылғысы келетін «проблемасы» болады. Әрине, Қытай НАТО мен Батысқа сенбейді, бірақ бұл оның Ресейдің ең жақын досы дегенді білдірмейді», − деп атап өткен.

Екі ел арасындағы сауда соғысқа қарамастан 2022 жылдың алғашқы алты айында күрт өсті. Қытай өткен аптада ғана ресейлік газды доллармен емес, юаньмен және рубльмен төлеуді бастауға келісіп, ресейлік энергия экспортына салынған көптеген санкциядан бас тартты. Дегенмен сарапшылардың пікірінше, соғыс жалғасып жатқан кезде Ресейге әскери көмек көрсету Қытайдың жоспарында жоқ.

Украинаның демалыс күндеріндегі жеңісі, халықаралық санкциялар, экспорттық бақылау және Мәскеудің стратегиялық қате қадамдары Ресейдің әскери жеткізу мәселесінде қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін айқын көрсетті. Өткен аптада америкалық шенеунік CNN телеарнасына Путин Солтүстік Кореядан миллиондаған зымыран мен артиллериялық снаряд сатып алып жатқанын айтқан.

«Бұл дегеніміз қару қоры сарқылуға жақын дегенді білдірмейді, бірақ кеңірек немесе болашақ соғыс қорына өтуі мүмкін. Тіпті соғыс бүгін аяқталғанның өзінде Украинада жоғалтқан қарудың орнын толтыруға біраз жыл керек», − дейді халықаралық стратегиялық зерттеулер институтының қызметкері Джозеф Демпси.

Мәскеуде қытайлық ақша қаншалықты жақсы қабылданғанмен, соғыс неғұрлым ұзаққа созылса Ресейдің қаржылық тапшылығы соғұрлым нашарлауы мүмкін. Экспорттық бақылау қару-жарақтарды импорттауды қиындатады. Егер Қытай көмектеспесе Ресейдің жағдайы қиындамақ.

Тілші Люк Макги мақаласын: «Путин мен Си Цзиньпиннің кездесуінен кейін Мәскеу жаңа экономикалық байланыстарды жүзеге асыратыны сөзсіз. Пекиннің де Батысқа деген көзқарасын өзгертуі екіталай. Дегенмен Си Ресейдің Батыс салған санкцияларынан айналып өтуіне толық жағдай жасайтынына сену қиын. Соңғы күндері көп шығынға ұшыраған, соғыстың алғашқы күндері-ақ жеңіске жететініне сенімді болған «адамды» бұл ойландыратыны анық», − деп түйіндейді.

4 БЕТТЕ

№75 20 қыркүйек, 2022 жыл

ДУМАНҒА БӨЛЕГЕН ШАРА

қала күнінде 40 қазан палау басылды

Қаламыздың мерейлі мерекесіне тарту ретінде Абай-Дәулет» ЖШС қолдауымен қала тұрғындарына аспаздар дәмі тіл үйірер Сыр күрішінен 40 қазан палау пісірді. Сырдың қырық қазан палауы түгелдей өзіміздің төрт-түлік мал еті мен Сыр топырағанда егілген күріш түрлерінен әзірленді. Оның он қазаны түйе, он қазаны жылқы, он қазаны сиыр, қалған он қазаны қой етінен, күріштің «Лидер», «Янтарь», «Маржан», «Әйгерім», «Сыр сұлуы» және украиналық сорттан дайындалды. Мұндағы бір ерекшелік, әр аспазға 10 мың теңгеден және дәмді дайындаған палаушыға жүлделі орындар тағайындалды. Мәселен, бірінші орынға – 150 мың, екінші орынға – 100 мың, ал үшінші орынға – 50 мың теңге берілді. Айта кетейік, палау басуға қажетті барлық заттар ұйымдастырушылар тарапынан берілді.

– Біздің таңғалғанымыз, 40 палаушы іздеген «Сырдың қырық қазан палауы» атты шараға бір күнде еліміздің түкпір-түкпірінен 300-ден астам палаушы тіркелді. Дәмі тіл үйіретін той-томалақ, құдайы астарда жеген палауымызды кім жасағанын білмей, тек дәмі керемет болғанын ғана айтып жүреміз ғой. Алдын-ала сол көп кісінің ішінен іріктелген 40 палаушының басын қостық. Біраз мәселені талқылап, жан-жақты ақылдастық. Оларға сайыстың мән-маңызын түсіндіріп, қиын екенін, бұл үйде немесе кафеден бөлектеу болатынын айттық. Сондай-ақ халық санының да көп болатынын ескерттік. Осы жиында мен палаушылардың бойындағы сенім, көзіндегі рухты көрдім. Мұндай шараларды дамытар болсақ, Сыр елінің ақ күрішімен қатар, үздік палаушыларын танымал жұлдызға айналдыруға болады. Біз той-томалағымызға басқа қаладан әнші, бишілерді шақырғандай, біздің аспаз-палаушыны да көрші облыстар шақыратын күнге де жетейік. Ол, әрине, өз қолымызда. Бұл келешек ұрпаққа өнегелі іс, жақсы бағыт-бағдар болады деген ойдамыз. Шыны керек, асып-тасқанннан, атақ шығарудан аулақпыз. Негізі өнім жинайтын мезгілде бұл бізге қосымша жұмыс болып тұр. Ақшалай, заттай, күріштей, еттей, жүлдеге тігетін шығындарды айтпағанның өзінде қанша уақытымызды жұмсадық. Бірақ бұл ісіміз көпке ұнаса болды, біз өкінбейміз. Әрине, бүкіл халықтың көңілінен жүз пайыз шығу мүмкін емес. Алайда осы ісіміз халыққа пайдалы болса, қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, – деді кәсіпкер Марат Сәрсенбай.

Мерекелік басқосуда Аманжол Әлтаев күрішті аймақ Сыр жеріндегі думанды шараның мән-маңызы ерекше екенін тілге тиек етіп, қызылордалықтарды мерекемен құттықтады.

– Дарияның қос қанатына қоныстанған қалалықтардың төл мерекесі құтты болсын. Сырдың ақ күрішін ойымызға алғанда күріштің атасы Ыбырай Жақаев жүрегіміздің төрінен орын алады. Ыбырай атамыздың жолын жалғап, баба аманатын арқалаған диқандар үлкен еңбек көшінің басында келеді. Сыр елінің күріші байлықтың, берекенің белгісі. Бүгін 40 қазан палау пісіріп, елдің берекесі молая түссе екен деген игі бастама қолға алынған екен. Елдің берекесі тарқамасын, ырысы ортаймасын, – деді Аманжол Әлтаев.

Басы 1-бетте

Палаушылар сайысына Құндызай Әбиева Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылының атынан қатысты.

– Той-томалақта палау басып жүргеніме 30 жылдан асты. «Қала күні» мерекесінде осындай үлкен шара ұйымдастырып, біздің еңбегімізді бағалап, бір серпілтіп тастады. Оның ішінде «Абай-Даулет» ЖШС компаниясына алғысым шексіз. Бүгінгі сайыста орын алмасам да, халықтың алдына шығып, 40 палаушының бірі болғанымның өзі жеңіс. Палауға түнгі сағат екіден бастап кірістік. Мен палауды сиыр етінен, «Сыр сұлуы» күрішінен дайындадым. Ешқандай дәмдеуіштер қосқан жоқпыз. Біз тек қазан-ошағымызбен келдік. Басқасын демеушілер өздері әкелді. Палау сағат 9:45-те дайын болды, – деді сайысқа қатысушы аспаз.

Сайысқа арнайы қазылар алқасы тағайындалып, жан-жақты саралаудан өтті. Нәтижесінде бас жүлдені Алматы қаласынан келген палаушы Әмір Тәжібаев жеңіп алды. Ал бірінші орын қызылордалық Бауыржан Баймағамбетке бұйырды. Екінші орын – қызылордалық Санжар Эргашев пен Гүлмира Үрмашеваға берілді. Сондай-ақ жерлесіміз Палима Жақсылықова мен Жұмаш Бахаева үшінші орынды иеленді.

Сыр өңірінде ұйымдастырылған 40 қазан палау сайысының даңқы елге жетті. Тіпті алыс-жақын шет елдерде тұратын қазақтар да өз ойларын ортаға салып, әлеуметтік желі арқылы бөлісіп жатты. Олардың қатарында Түркия елінде тұратын қызылордалық Бекарыс Нүриманов бар.

– Сыр өңірінде 40 қазан палау басып, палаушылар жарысқалы жатыр дейді. Анадолыда жатып, елдегі хабарды естіп елең ете қалдық. Бұған дейін талай жарыс көрдік қой. Енді бұл жарыстың жөні басқа секілді. Осыны естігенде ойыма мына екі оқиға оралды. 2017 жылы ЮНЕСКО-ның шақыруымен Түркияда бір апталық жиынға қатыстым. Алғашқы күні қала әкімі банкет жасап, қонақ қылды. Сол банкетте мені бір нәрсе қатты таңғалдырды. Ол не дейсіз ғой? Бірінші боп сөз алған әкім «қош келдіңіздер» дегеннен кейін «Сіздер үшін бар өнерін салып, ас дайындаған, он саусағынан өнері тамған, тамағы бал татитын» деген секілді небір теңеуді келістіре отырып, ортаға бас аспазды шақырды. Қырыққа таяп қалған жігіт екен. Жұмыс киімімен шыға келді. Таныстырды, жер-көкке сиғызбай әбден мақтады, халыққа шапалақ ұрғызды. Мен ішімнен: «талай банкетке бардық, талай жердің дәмін таттық. Пісірсе не болыпты, әдеттегі тамақ қой, сонша мақтағаны несі» деп ойладым. Сол банкетте қанша өнерпаз өнер көрсетіп жүр. Олардың бірін де олай мақтамады. Қараңызшы, аспазын ерекше қадірлеп, еңбегін жоғары бағалап жатыр. Енді, осындай құрметтен соң түрік асханасы әлемді жауламағанда қайтеді? Қай елге барсақ та, әсіресе еуропада түрік асханасын іздеп кететініміз жасырын емес қой? Бірде Анкарада келе жатсам, бір асхананың сыртына «Аданадан ең мәшһүр сорпашы келді» деп жазып қойыпты. Аданалықтар асхана ісіне шебер келеді екен. Содан ба, ел ағылып барып, кезекке тұрып сорпа ішіп жатты. Сонда деймін-ау, егер Алматыдағы бір кафеге «Сырдың ең мықты палаушысы келді» деп жазып қойса, барар ма едік? Шыны керек, талай тойда палаушы іздеп кеттік. Елде мамандардың торт пісіруді болмаса, палау басуды үйретіп, мастер-класс өтікізіп жатқанын ести бермейміз. Сосын рабайда болмаса, жастардың «болашақ аспаз болам» дейтінін байқамаймыз. Талай тойдың сәнін келтіріп, қанша халықты тойдырып қайтаратын осы аспаздар ғой. Сырдағы палаушылардың жарысы еңбекті бағалайтын, еңбек адамына құрмет көрсететін сананың қалыптасуына зор үлес қосатын қадам деп білемін, – деді ол.

Осылайша Сыр елінде өткен қырық қазан палау елді елең еткізді. Ал этноауыл форматындағы шарада ақ күріштің атасы атанған Ы.Жақаевтың «Күріш туралы толғанысынан» үзінді, қазақтың дәстүрін насихаттайтын ауыл жастарының алтыбақан астындағы көңілді кешінің көрінісі, ақындар айтысы, «Бауырсақ PARTY», «Шұбат-қымыз FEST», «Қауын-қарбыз FEST» фестивальдері өтті. Сондай-ақ ұлттық спорт түрінен түрлі сайыстар ұйымдастырылды. Думанды шараға бір мезетте 10 мыңға жуық тұрғын жиналды. Сол күні бесіктегі баладан, еңкейген қарияға дейін осында келді.

Бұл шараның мақсаты халықты тойдыру емес еді. Қазақтың ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қайта жаңғыртып, кеңінен насихаттау. Мерекенің шырайын келтірген кимешек киген әжелер, бау-бақша өнімдерінен жасалған көрме, қолөнершілердің қолынан шыққан түрлі бұйымдар алыстан менмұндалап шақырып тұр.

Мерекелі-берекелі шарада Сыр өнерпаздары мен эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Атап айтсақ, Мөлдір Әуелбекова, Жігер Ауыпбаевтар сахнаның сәнін келтірді. Осылайша Ауылым – берекенің ақ бесігі» атты этно бағыттағы шараға жиналған жұртшылық керемет әсермен тарқасты.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ
Суретті түсірген: **Н.НҰРЖАУБАЙ**

Жолдауда білім саласына қолдау көп

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жыл сайынғы дәстүр бойынша Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын жолдады.

Президентіміздің бұл жолғы Жолдауы – өткенге есеп беріп, ертеңгі бағытты айқындайтын аса маңызды тарихи оқиға болды. Ал оның Білім күнімен тұспа-тұс келуі біздер, яғни ұстаздар үшін ерекше мәнге ие болып отыр. Осы жолғы Жолдауда да көптеген өзекті мәселе назарға алынды.

Елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын әлдендіруге, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жаңа шешімдерді естіп қуанып қалдық. Мемлекет басшысының әрбір Жолдауын асыға күтеміз. Оның ішінде білім саласына қатысты не айтар екен деп елеңдеп отырамыз.

«Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды.

Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет», – деп атап өтті Президент.

Сонымен бірге орта білімнің сапасы да – кезек күттірмейтін маңызды мәселе. «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды.

Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек. Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалуға тиіс. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек», – деді президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Білім саласындағы жаңа өзгерістер еліміздің болашағы – саналы, сауатты, сапалы ұрпақтың қалыптасуына бастайтын жол деп білемін. Мектептің көбеюі, балаларға техникалық бағыттың тереңдетіле оқытылуы, жаңа білім беру жүйесі, ұстаздарды қолдау, идеяларға ашықтық, әділдік жаңа Жолдаудың жарқын жағын көрсетеді. «Талантты ұстаз баланың тағдырын өзгертеді» деген сөз бар. Демек, балалар мен ұстаздар үшін жасалар әр жақсы жаңалықтың жемісі ел болашағының көрінісі болмақ.

Гүлсая АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицейінің
директордың ғылыми әдістеме ісі
жөніндегі орынбасары

Қаладағы Абай №47 көпқабатты тұрғын үйге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Кеше шаһар басшысы Асылбек Шәменов жаңғырту жұмысы жүріп жатқан үйге барып көрді.

КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Күрделі жөндеу жұмыстарын «Строй Инжиниринг ЛТД» ЖШС мердігер мекемесі жүргізуде. Модернизациялау жұмысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту аясында қолға алынған. Жаңғырту жұмыстары қазан айының аяғына дейін аяқталады деп күтілуде.

– Бұл істің тұрғындар үшін тиімді тұсы – үй иелері жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемені өздері таңдайды. Таңдаған мекеме жұмысын тұрғындар арасынан сайланған белсенді топ бақылауда ұстап, қадағалайды. Жөндеу жұмыстарына қатысты тұрғындардың сын-ескертпелері болса мердігерге жеткізе отырып, өзгерту енгізе алады. Сонымен қатар жөндеу жұмыстары аяқталғанда үйді қабылдап алуға да сол белсенді топ мүшелері атсалысады. Ең басты талап-істің сапалы, уақытылы аяқталуы. Осыны назарға алыңыздар. Барлығы өз бақылауымда болады, – деді қала әкімі Асылбек Өмірбекұлы.

Үйлерінің қайта жаңартылып жатқанына тұрғындар бек қуанышты. Өз кезегінде біз де тұрғындармен тілдесіп, пікірлерін білген едік.

– Біз модернизацияны ұзақ күттік. Үйіміздің салынғанына 60 жылға жуықтады. Содан бері дұрыс жөндеу көрмеді. Шатырымыздан су ағып, жылу құбырлары мен кәріз жүйесі өте нашар жағдайда еді. Сол шатырымыз дұрысталып жатыр. Су, жылу құбырлары да ретке келтірілді. Мердігерді өзіміз таңдадық. Өзіміз қадағалап жүрміз. Жаңғырту жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде Атқарылып жатқан жаңғырту жұмыстарына көңіліміз толады. Біраз жылға дейін уайымсыз отырамыз деп сенімді түрде айта аламын, – дейді қала тұрғыны Бибіайша Нұрғалиева.

Мүсілім ШАЙДУЛЛА

Қас қағым сәтті тұтас бір ғұмырға айналдырған белгілі фототілші Болат Омарәлиевті Сыр жұртшылығы, одан қала берді республика халқы жақсы біледі. Саналы ғұмырының жарты ғасырға жуық уақытын фотоөнерге арнаған ол аймақтың фотошежіресін жасады десек, артық айтқандық емес.

ОЛ – ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ

Жуырда фотожурналистиканың кәнігі кәсіби маманы Болат Омарәлиевке «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағы берілді. Бұл марапатқа Қазақстанның құрметті журналисі, ардагер-фототілші Болат Шамаұлын облыстық қоғамдық даму басқармасы ұсынды. Елден бірінші болып сүйінші сұраған да осы басқарманың басшысы Мира Қазбекова.

– Фотожурналистиканың кәнігі маманы Болат Омарәлиевтің есімі бүгінде республикаға мәлім. Талантты фотографтың әр туындысы Сыр өңірі тарихының қазынасы деп бағалауға болады. Қас-қағым сәттерді мәңгілік мұраға айналдырған Болат ағамызға бүгін «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағы берілді. Б.Омарәлиевті осы мерейлі марапатқа облыстық қоғамдық даму басқармасы ұсынған еді. Сыр журналистикасы үшін бұл – үлкен мақтаныш. Болат Шамаұлының уақыт өткен сайын абыройы асқақтап, тұлғасы биіктей беретініне, фотосуреттері қазақ халқының құнды жәдігері ретінде бағасы арта беретініне сенімдіміз. Ақсақалдың еңбегін бағалап, ұсынысқа қолдау білдірген Қызылорда қаласының әкімдігіне, қалалық мәслихат депутаттарына қаламгерлер атынан зор ризашылық білдіреміз, – деді қоғамдық даму басқармасының басшысы фейсбуктегі парақшасында.

Сырдың бас шаһарының құрметті азаматы атанған белгілі фототілші Болат Омарәлиев 1948 жылдың 15 қарашасында Сырдария ауданының Қоғалы ауылына қарасты Ызакөл деген жерде дүниеге келген. Еңбек жолын аудандық «Сырдария» газетінде бастаған ол 1969 жылдан 2014 жылдың желтоқсанына дейін облыстық «Сыр бойы» газетінде фототілшілік қызмет атқарды. Бөкең «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті» ұйымдастырған фотоконкурстардың лауреаты болды. Бұдан бөлек Ресейде, Польшада, Украинада фото көрмелері өтті. Кезінде Ресейдің «Известия» газетінде, «Советское фото» журналында суреттері берілді. 1989 жылы фототілшілердің Мәскеуде өткен съезіне Қазақстан атынан қатысты. Жиырмаға жуық кітаптарға еңбектері жарияланды.

Жуырда ғана фото көрмесі өткен ағамызды жаңа марапатымен, Қызылорда қаласының құрметті азаматы атануымен құттықтаймыз.

А.БЕК

СУРЕТТЕР СӨЙЛЕГЕНДЕ...



Тасқа басып дәуірінің таңбасын,
Сенде туып кеңейтті ерлер арнасын.
Тыңдап өсіп туған елдің сыбдырын,
Жырға қосып Сырдария арнасын.

Тіршіліктің тайқазаны қайнаған,
Жыршылықтың қазығысың байлаған.
Алты алашқа нәрін берген әз ана,
Ақмаржанмен көмкерілген айналаң.

Иә, Қызылорда жайлы жыр жазбаған ақын кемдекем шығар. Бұл қала талай тұлғаларға тұғыр болған қасиетті өлке.

«Қала күні» мерекесіне орай «Өнер арбаты» бойында «Қызылорда менің көзіммен» тақырыбында облыстық фотосуретшілер байқауы өтті. Оған 30 талапкер қатысып, өз туындыларын ұсынды.

Қала сұлулығын, көшелердің көркемдігін көрсетіп, екі ғасырдан астам тарихын дәріптеуді мақсат еткен байқауға қатысушылар жоғары деңгейде дайындалған.

Байқау қорытындысы бойынша Бақытжан Тәжібаев бас жүлде иеленсе, бірінші орын Ким Михаилге бұйырды. Екінші орын Сергей Коноваловка, үшінші орын әріптесіміз, фототілші Нұрболат Нұржаубай мен Нұрбол Ақбаевқа табысталды.

– Бұл байқауға әркім өз туындысын ұсынады. Біреулер жай қызығушылықпен түсірген суретін ұсынса, енді бірі кәсіби тұрғыда түсірген суреттерін әкеп жатыр. Сурет сөйлеп тұру керек. Бірде үлкен байқау ұйымдастырылып, бір автордың еңбегі жоғары бағаланыпты. Сонда көрермендер «Сіздер жай ғана тостағанның суретін неге жеңімпаз деп таныдыңыздар?» – деп сұрайды. Қызықты қараңыз, ол суретте тостағанның сыры ұшқан жері Аралдың картасын көрсетіп тұр екен. Міне, жетістік, міне, кәсіби фотограф. Бұл үлкен идеялар көрінісі, – дейді қазылар алқасы мүшесі Тілеген Бекарыстанов.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

БЕЙІМБЕТТІҢ «ШҰҒАСЫ» СЫРДА БАСЫЛҒАН

Қазақ әдебиеті тарихында алғаш шығармалары Сыр бойында шығып, әлемге танылған әйгілі қаламгерлер аз емес. Сыр өңірінде қолтаңбасын қалдырып, еңбек етіп өз шығармашылығын дамытқан жазушылар жайлы қалам тербегенді жөн көрдік. Қызылорда ел астанасы болған жылдары зиялы қауымның ордасына айналған киелі өлкеде талай ақын-жазушының шығармасы осында жарық көрді. Соның бірі – Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» кітабы.

Қызылордада 1926 жылы қазақтың тұңғыш ұлттық театры шымылдығын түрді. Халықты ағарту бағытында жүйелі жұмыстар қолға алынды. Сауатсыздықты жою үшін газет-журналдардың рөлі зор екендігін ұққан ақын-жазушылар бұл жұмысты ә дегеннен қолға алды. Осы саланың туын желбіретуге қоғамдық-саяси қызметті қоса арқалаған, ел көшіне, өмір ағымына, халық тағдырына көңіл бөлген дарынды жазушылар мен ақындар білек сыбана араласты. Атап айтқанда, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Сабыр Шәріпов, Қалмақан Әбдіқадыров, Әбділдә Тәжібаев, Асқар Тоқмағанбетовтің шығармалары Қызылордада жарық көрді.

Бейімбет Майлиннің шығармашылығында жемісті жылдар Сыр өңірінде қызмет еткен уақытта қалыптасты десек, артық айтқандық емес. Бейімбет Майлин Қызылорда астана болған тұста «Еңбекші қазақ» газетінде бс редактор, орынбасар, «Ауыл тілі» газетінде бас редактор қызметін атқарған. Қызылорда республика астанасы болған тұста ол Қостанайдағы «Ауыл газетінен келіп, «Еңбекші қазақ» редакциясына орналасып, осы газеттің әдебиет бөлімін басқарады. Қазақ руханиятына қайталанбас қолтаңбасын қалдырған оның әдебиеттегі жолы осылай қалыптасқан. Сыр өңірінде сарқылмас қазынаға айналар дүниелері жарық көрді. Газет бетінде жарияланған әрбір әңгімесін оқырман іздеп жүріп оқыды. Соның бірі – «Шұғаның белгісі» шығармасы еді. Жазушының бұл еңбегін оқырман жылы қабылдады.

«Шұғаның белгісі» – жастардың теңдік, еркіндікті аңсап, әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы үн көтере бастағанын шынайы бейнелеген шығарма.

Біріне-бірі себеп, бірінің-бірі салдары болып жымдасып келген оқиғаларының шынайылығы мен тартымдылығы, шұрайлы да суретті тілінің сиқырлы мәнерлілігі, әсіресе әлеуметтік теңсіздікке қарсы шыққан Шұға мен Әбдірахман бейнелері айырықша баяндалады. Сондықтан да олардың тағдыр-талайының трагедиялық әсерлілігі хикаяны көркемдік-эстетикалық деңгейі ең биік туындылар қатарына қосады.

Б.Майлин басқа да замандас қазақ қаламгерлері сияқты, жазуды өлеңнен бастаған. Алайда көп ұзамай прозаға ден қояды. Бұл жанрдағы алғашқы туындысының бірі – «Шұғаның белгісі». Осы шығарма арқылы ол өзінің үлкен суреткер екенін паш еткен жазушы. Ол қазақ әдебиетіне проза жанрын қалыптастыруда керемет еңбекқорлық пен үздік шеберлік танытқан. Әсіресе оның талантын айғақтайтын әңгімелері сан жағынан ғана емес, идеялық-көркемдік деңгейімен де қазақ прозасының алтын қорындағы інжу-маржандары болып табылады.

Поэзиясы сияқты, Майлин прозасы да, өзі жетік білетін, негізінен, ауыл өміріне, әсіресе Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ қоғамында адамдардың ой-санасы мен мінез-құлқында, психологиясында болған жаңғыруларды бейнелеуге арналған.

Бейімбет Майлиннің құнарлы да жемісті еңбегін жұртшылық таныды. Дарынды қаламгердің есімі құрметтеліп, әдебиетіміздің тарихына алтын әріппен жазылды. Оның шығармалары әдебиеттің сала-саласына бағалы туынды болып қосылды. Әдебиетімізді байытты. Барлық жанрлардың қалыптасуына, жетілуіне, көркеюіне асыл қазына, бағалы қор болды. Б.Майлиннің есімі де шығармалары да сыйлы еді. Сондықтан да оның шығармаларына зерттеу жасаушылар мен пікір айтушылар көп болды. Бейімбет Майлиннің



шығармаларын көптеген жазушылар зерттеді. Туындыларын тереңінен зертеп, ойларымен бөлісті. Мұның өзі – жас ақынның шығармалары дарынды тұлғалар көңілінен шыға білгенінің айқын көрінісі. Мәселен, біз сөз еткелі отырған «Шұғаның белгісі» туындысына да бірқатар жазушылар пікір білдіріп, жоғары деңгейде баға берген.

Атап айтсақ, белгілі ғалым, ақын Дүкен Мәсімханұлының сөзімен айтқанда, қазақтың көркем прозасы әлі қалыптасып үлгермеген уақытта, жаңа, еуропалық үлгідегі проза жанрын салған жерден мұндай үлкен көркемдік деңгейде көрсету тек Бейімбет сынды хас таланттың ғана қолынан келеді.

Мұнда кейіпкер образдары біртіндеп, оқиға желісі бойынша, басынан өткен оқиғалармен анықталып, көрініп отырады. Махаббатқа деген адалдық, ақылдылық, сезімнің нәзік тұстары қазақ жастарына тән әдеп пен иба салт-дәстүрге сіңіріле отырып баяндалған. Жазушы Шұғаның ажарлығымен қоса мінезінің салмақты, ұстамды, ақылды екенін көрсетеді. Өз заманының қыздарымен салыстыру арқылы Шұғаны биікке көтереді. Әрине, бұл көпке күйе жағу емес. Ал «Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді» деу арқылы Шұғаның зеректігінен, білімділігінен хабар береді.

Бейімбеттанушы, филология ғылымдарының докторы Серікқали Байменше «Бейтаныс Бейімбет» атты монографиясында: «Б.Майлин 1933 жылы Ғабит Мүсіреповпен бірге «Сауат үшін» кітабын жазды. 1934-1936 жылдары Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Өміржан Ситдықов – үшеуі «Сауаттандырғыш» деп аталатын сауат ашу әліппесін жасады. Бұл кітап алғашқы жылы 150 мың, келесі жылы 250 мың, ал үшінші кезегінде 75 мың дана таралыммен шығарылды» – деген дерек береді.

Ғ.Мүсірепов Бейімбеттің жазушылық өнеріне деген зор құрметін: «Ол – әрі теңдесі жоқ әңгімеші ретінде де, әрі прозадағы сүйекті шығармалар-ды жасаушы ретінде де біздің тұңғыш зергер прозашымыз. Біздің қай-қайсысымыз болсақ та Бейімбет Майлиннің осыдан тұп-тура алпыс жыл бұрын жазылған «Шұғаның белгісі» повесінің құрсағынан шығып, етегіне оранып өскендейміз», – деп те білдірген. Ал енді Бейімбеттің басына қара бұлт үйіріліп, 1937 жылы 8 қазанда Қазақстан Жазушылар одағының бастауыш партия ұйымының оны партия қатарынан шығару туралы болған жиналысында оны ашық қорғап, «Бейімбет – жау болса, мен де жаумын!» деуі – тарихи дерек, боямасыз шындық, ақиқат. Мұны «басын бәйгеге тігу», «көзсіз ерлік» деп қаншама дәріптесек те нақты бағасын бердік дей алмаймыз. Ғабең Би-ағасының жазушылық шеберлігіне тәнті болғаны өз алдына, оның қарапайым адами тұлғасына жанында қызметтес болып бірге болған жылдарда толық көз жеткізгенге ұқсайды.

Бұл жөнінде белгілі бейімбеттанушы Тоқтар Бейісқұлов Ғабең Бейімбеттен көп қамқорлық көргенін айта келе: «Ғабең сол қамқорлықтары үшін Бейімбетті қорғады десек, ұшқарылау көрінетін сияқты. Оның басқаларға ұқсамайтын айрықша қасиеттері барын байқаған, көңілге түйген Ғабең жария етпей кетпеді. Б.Майлиннің бойындағы, мінезіндегі, жүріс-тұрысындағы баға жетпес адамгершілік және азаматтық бейнесін ажарландыратын қасиеттердің Ғабең байқаған кейбірін атар болсақ, өте қарапайымдылығы, қолының кіршіксіз тазалығы, жүрегінің кеңдігі талантына сай асқан еңбекқорлығы, бастық болуға жоламайтындығы, шенқұмарлығының жоқтығы, пәтуасыз айтыс-тартысқа бармайтындығы, жүріс-тұрысының табиғилығы, өнер, әдебиет десе ішкен асын жерге қоятындығы, байлыққа қызықпайтындығы, басқа адамдарға мейірімділігі...» деп санамалап шығады да: «Ендеше, Ғабеңнің оны сыйлап, құрмет тұтуы тегін емес» деп ой түйеді.

Темірғали Нұртазин Бейімбет Майлиннің шығармашылығын зерттеп, талдап жазады. «Шұғаның белгісі» повесі 1914-1915 жылдан бастап «Ғалия» медресесінде шығып тұрған «Садақ» аттты қолжазба журналда жарияланады. 1933-1934 жылдарда жазушы «Шұғаның белгісінен» опералық либеретто жасап, оған Котцик деген музыкашы музыка жазып, 1934-1935 жылдары «Шұға» деген музыкалық постановка «Музыкалық театр» деп аталатын театрда қойылды. Бейімбеттің бұл еңбегі ішкі мағынасы, құрылымы жағынан әңгіме де, роман да емес, повесть деген анықтамаға лайық шығарма деп танылады.

«Шұғаның белгісі» – сол кезде көтеріліп жүрген әйел теңдігі тақырыбында жазылған шығарма. Бірақ бұл жұрт дағдыланған дәстүрлі әйел теңдігінің көлеміндегі нәрсе емес. Автор мәселені сырттай солай қойып, солай дамытып, сол әйел теңдігіндегі көлемде шешкенімен, шығарманың ішкі маңызы әлдеқайда терең, кең, қатпар-қатпар астарлы. Шығарманың басты тақырыбы, соған орай негізгі идеясы – гуманизм, адамгершілік. Бірыңғай әйел теңдігі тақырыбында жазылған шығармалардың талайы-ақ көнерген, ал бұл шығарма қылауы түспестен сол қалпында тұр. Шығарма жаныңды тербеп, өзіне еліктіріп оқи түсуге мәжбүр етеді.

Сонымен қатар «Шұғаның белгісі» жомарт талантын еркін жұмсап, майталман шеберлікпен жазылған. Бұл повесть сол жанрдағы шынайы реалистік тұңғыш туындылардың бірі болуымен ғана емес, идеялық, көркемдік, асқар таудай өрелі болуымен әдебиетімізде сыйлы орын алып келеді» деп баға береді Темірғали Нұртазин.

Шығарманы зерттеушілер француздың классикалық туындыларымен салыстырады. Идеясы жағынан болсын, тілінің құнарлығы жағынан болсын Бейімбеттің жазушылық шеберлігі «Шұғаның белгісінде» көрініс тапқаны оның оқырманды өзіне баурай түскенінен байқауға болады. Мәселен, бұл шығарма мазмұны тартымды, идеясы өзекті, әдебиеттегі тың дүние ретінде қалың оқырманға танылды. Бұған қоса әйел тағдырына байланысты жазылған қызықты шығармалар жоқтың қасы еді. Сондықтан да мұның жазылу идеясы оқырманды өзіне жақындата түсті. Шұға өмірі қасірет пен қайғыға толы болса да, ол қазақ қызының өнегелі үлгісі екені жасырын емес. Шұға мектеп, университет бітірмесе де, бойында ұлттық тәрбие мен білімді отбасыдан жиып-терген қазақтың көзі ашық аруы ретінде суреттеледі. Шұға өлең де, жыр да оқиды, кесте тігіп, ән де салатын. Жұрт қызықса қызыққандай, тамсанатын сұлу еді деп баяндалады шығармада. Оған шығармадағы мына жолдар дәлел: «Осы күнгілердің бір тапқаны, қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда құдай сана берсін десейші» деп жазады. Яғни шығармада қазақ қоғамындағы қыздың үлгі боларлықтай образы Шұға екеніне толық көз жеткізе аламыз. Мұнда Шұғаның рухани біліміне сай келетін жігіттің образы ретінде Әбдірахман бейнесі таңдалған. Алайда жастардың рухани әлемі тең дәрежеде болғанымен, әлеуметтік жағынан екі түрлі таптың өкілі. Бұл шын ғашықтардың қосылуына кедергі келтіреді. Әбдірахман бойындағы қасиеттер де шығармада ерекше сипатталады. Мәселен, «Әбдірахманның әкесі өте кедей адам. Ауылнай школынан шыққан соң да, Әбдірахман малайлықтан құтыла алмады. Ақырында он екі-он үштегі шамасы болса керек, жалшылықтан қашып кетеді. Содан кейін бір ноғайға жазда қызметке тұрып, қыста оқуға кіріседі. Ақырында, әйтеуір мектепті бітіріп шықты» деп баяндалған. Бұл үзіндіден Әбдірахманның қазақтың алғашқы оқыған азаматтарының бірі екені жазылады. Сол кезде санаулы оқыған қазақ жігіттерінің арасында білімімен де, көркем мінезімен де жұрт арасында оның атағы кеңге жайылады. Алайда оның кедейлігі өзіне кесірін тигізіп, ол сүйіктісіне қосыла алмайды. Сондықтан да бұл туындыда автор XX ғасыр басындағы әлеуметтік мәселе, тапқа жіктелу, әйел теңдігі, қазақ оқығандарының тағдыры сияқты бірнеше тақырыпты қамтығанын аңғаруға болады. Демек, «Шұғаның белгісі» – дәуір дидарын, қазақ қоғамын шынайы бейнелеген әрі қым-қиғаш, қарама-қайшы тартыс пен қақтығысқа толы кезеңнің өмірін көрсетеді.

«Майлин прозашының қарапайымдылығы – кешелі-бүгінгі көп-көп жазушылардың тақылтұқыл жұпыны-жарлылығы емес, сөз нарқын білген, сөзді орамды да орнықты пайдаланған, кемел көркемдіктің сиқырлы кілтін қолға түсірген шебер суреткердің қарапайымдылығы» деп баға береді әдебиет сыншысы Бақыт Сарбалаев.

Әдебиет сыншысы бұл туындыны талдай отырып, Бейімбет Майлиннің қаз басу, қалыптасу жолында осы прозалық туындының айрықша орны бар екенін жазады. «Терең шыншылдығы, мазмұн-түрдегі тұтастығы бар шығарма. «Шұғаның белгісі» – ұлы дауыл қарсаңындағы қазақ ауылы өмірінің шынайы шежіресі. Ал мұның барлығын 21 жастағы жас прозашының асқан талантын, уақыт талабын, тынысын жіті сезінген, өз заманынан озып алға аяқ басқан, революциялық жаңашыл жазушы екенін көрсетсе керек. Шынында да, «Шұғаның белгісі» – үздік те сыңары жоқ жалқы құбылыс. Керек десеңіз, авторы 21 жастағы Бейімбет Майлиннің өзінен де озып кеткен ерекше шығарма. Өйткені 1915 жылдан 1922 жылға дейінгі аралықта Б.Майлин өзінің 21 жасында жазған шығармасының биігіне қайтып жете алған жоқ. Әрине, қандай бір қабілетті, қарымды қаламгердің шығармасының да бәрі бірдей толыққанды «Шұғаның белгісіндей» шырайлы болуы мүмкін емес. Жазушының әбден кемеліне келген кезде де қилы-қилы кескін, әртүрлі деңгей танытып жатуы – өнер заңдылығы. Бірақ бәрібір бала, балаң кездегі шығарма мен есейген, жетілген кезеңдегі шығармаларда өзіндік айырмашылықтар болады. Алшақтықтар кездеседі. Оның үстіне кейде алпыс бет повестен гөрі алты бет әңгіме керегірек, маңыздырақ болатын сәттер де ұшырасады. Өмір сияқты әдебиет де осынысымен қызық болса керек» деп талдауы туындының мағынасы мол қазына екеніне дәлел.

Бейімбет Майлиннің «Раушан-Коммунист» повесі де Қызылорда да басылып шықты. Бұл шығарма жиырмасыншы жылдардағы қазақ ауылында әлеуметтік зор өзгерістер жасалып, совет құрылысы нығая бастағанын суреттейді. Әйелдің сауат ашуы, қоғамдық жұмысқа араласуы, өсу жолы беріледі. Октябрь революциясының қазақ әйелін бүтіндей жаңартуы, социализм өмірі шындығы – повестің күретамыры, өзегі.

Бейімбет Майлиннің бір шығармасын талдай отыра, оның қазақ әдебиетіндегі ең көрнекті, таңдаулы сөз зергері болғанына көз жеткізіп отырмыз. Ұлттық әдебиетімізді биік деңгейге көтерген сөз шебері деп бағалауға болады. Ұлттық әдебиеттің түрлі жанрына қалам тербеген қаламгердің биігі жоғарылай түспесе, төмендемесі анық. Тек біз оның бірегей шығармаларының ұрпақ жадынан ұмытылмауына үлес қосуымыз керек.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҚАРТТЫҢ ОРНЫ «ҚАРТТАР ҮЙІ» ЕМЕС

ҚАРТТАР ҮЙІ ҚАЗАҚҚА ЖАТ

– Қарттар үйі бүгінде күрделі әрі өзекті тақырыпқа айналып отырғаны өкінішті жағдай. Қарттардың барлығы қадірсіз деуге болмайды. Әрбір қоғамда, әр уақытта өзгеріс болып тұруы заңдылық. Кешегі кеңес заманы мен бүгінгі тәуелсіз еліміздегі идеология әрқилы. Олардың қарттарға деген көзқарасын салыстыруға келмейді. Қарттарды құрметтейтін де, қадірлейтін де, мүдделерін қорғайтын да әуелі өз балалары, сосын мемлекет. Ал бала тәрбиесі ұлттық құндылыққа байланысты. Тәрбие қайдан шығады? Тәрбие мектептен қалыптасады. Тәрбие ұжымнан да беріліп жатады. Міне, осындай орталарда ата-аналарға деген дұрыс көзқарас, оң пікір қалыптасса қарттарымызға деген құрмет артар еді. Қарт адамдардың құқықтарын қорғау, қоғамнан тыс қалдырмау оны моральдық қолдау мақсатында қала бойынша бастауыш ардагерлер ұйымы жұмыс істейді. Сол арқылы зейнетке шыққан қарттарды есепке алып отырамыз. Бүгінгі күні қалада 221 бастауыш ардагерлер ұйымы бар. Қала бойынша 31 мыңнан астам қарт адам болса, соның 26 мыңнан астамы бастауыш ардагерлер ұйымында есепке алынған. Осы ардагерлер ұйымдары қарттарды құрметтеу бағытында мәдени көпшілік іс-шаралар өткізіп, өмір, еңбек жолдарын дәріптеу мақсатында жиындар ұйымдастырып келеді. Соған қалалық ардагерлер кеңесі басшылық жасауда. Қарттар үйін мекендейтін қарияларымыз өзіміздің қаракөз қандас бауырларымыз.

Басы 1-бетте

Көпшілігі зейнеткерлер, қалғаны мүмкіндігі шектеулі жандар санатына жатады. Онда қарияларға арнайы қолдау көрсетіліп тұрады. Қарттар үйі шет мемлекеттерде де бар. Олардың түсінігі бойынша зейнеткерлікке шыққан соң қарттар үйінде тұрады. Ал біздің менталитетіміз мүлдем басқаша. Біз мұсылман халқымыз. Қарттар үйін жабу керек деген сыңайда пікірлер де айтылып жүр. Әр бала өз ата-анасын бағу керек, әрине. Бұл – құптарлық іс. Болашақта жастарымыздың бойына имандылық ұялатып, ізгі тәрбиеге баули білсек, қарттар үйі деген болмайды деп есептеймін, – дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев.

Иә, расымен, қазыналы қарияларға көрсетілер құрмет түгесілмеуі керек. Өйткені олардың елдің өсіп өркендеуі жолында еткен еңбегі ұшан-теңіз. Ғұмырларынан ғибрат алу біздің борышымыз. Қарттарымыз қарттар үйін паналамауы үшін бала тәрбиесі мектеп жасынан берілуі керек. Осы орайда Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп директоры, «Қалалық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жаннат Садвакасованың ойын білген едік.

АТА-АНАҒА ҚҰРМЕТ ҚАҒИДАТЫ МЕКТЕПТЕ ҮЙРЕТІЛУІ КЕРЕК

– Дана халқымыз «Қарты бар үйдің қазынасы бар», – деп әрбір шаңырақтағы қарт кісілерді баға жетпес байлыққа теңеген. Құндылықтар ішінде отбасы құндылығына, ата-анаға терең мән беріледі. Үлкендерді құрметтеп, жиын-тойларда бата бергізіп, шапан жауып, орамал тағып, сәбидің тұсауын кестіріп, жас келіннің беташарында орамалын тағып, батасын алғанды жөн көрген. Отбасында атаның өзіндік орны болса, әженің де рөлі өзгеше. Осындай үлкен құрметке ие болатын уақытта қадірсіздің күйін кешіп, «Қарттар үйін» паналап жүрген қазыналарымыздың бар екендігі көңілге қаяу түсіреді. Бір шаңырақ астында бала тәрбиелеп, бар ықыласын аямаған ата-анасын бабаларымыз қашан өзгенің қолына жәудіретіп тастап еді?! Қазақта айтылатын мықты қағида «Ата-анаң жынды болса, байлап бақ» дейтін үлкеннің алдын кесе өтпейтін тәрбиеміз қайда қалды? Бұлай деуіміздің себебі Қазақстандағы қарттар үйінің соңғы жылдарда санының күрт өсуі. Неліктен біз безбүйрек балаларды тәрбиеледік, қай жерде қателестік, тыныш заманда ата-анасын қарттар үйіне апарып тастайтындай не басымызға күн туды? Ұлтымыздың қанына сіңген қасиеттердің ішінде ата-анаға деген құрмет пен ықылас ерекше емес пе еді? Батысқа еліктеймін деп мейірімсіз, өзін ғана ойлайтын өзімшіл балаларды тәрбиеледік пе? Ақ босағаны аттағанда «осы үйдің берекесін келтіремін, ұрпақ жалғастырамын» деп енетін келіндер неліктен екі араға жік салып, ата-ананы баласынан алыстатады? Осындай қордаланған сұрақтар баршамызды мазалайды. Қазақылықтың каймағы бұзылмаған Қызылорда облысының өзінде қарттар үйінде қаншама қарт кісі өмір сүріп келеді. Мектепте тәрбие сағаттарында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ата-ананың қадір-қасиеті туралы сөз қозғалып, терең айтылып жүргенмен белең алған жат қылық мысқалдап келіп, батпандап бойымызға сіңіп кетпеуі үшін ұлттық тәрбиені күшейту қажет. Балаларының жағдайы бола тұрып, мұңға салып қарттар үйіне өткізіп, онысымен коймай, ай сайын зейнетақысын алып, пайдасына жаратып отырғандар ертең сол күн өз басына тумайды деп кім айта алады? Сондықтан отбасында да, мектепте де ұлттық тәлім-тәрбиені жаңғыртып, адамгершілік, имандылық, бауырмалдық, мейірімділік, қамқорлық туралы әңгімені күшейтіп, жүректерін жылылыққа толтырып өсуіне ықпал ету керек. Әрбіріміз өз келешегіміз үшін мейірімді қоғам орнатайық, жылулық сыйлайық, қарттарымызды құрметтейік, – дейді Жаннат Мылтықбайқызы өз сөзінде.

P.S. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Үйіңде қартың болса, жазулы тұрған хатпен тең» деген өнегелі сөз бар. Тарих тінін тарқатар болсақ, қазақ ұғымында қарттың орны «Қарттар үйі» емес отбасының ортасы болған. Бүгінгідей алмағайып заманда шетелдің қаңсығын таңсық етіп, тәрбие телефонға телміруден аспай тұр. Содан кейін кімге өкпелейміз. Әрине, әркімнің санасына берсін. Дегенмен атаңа істегенің алдыңа келетінін ұмытпаған абзал. Бұл – уақыт дәлелдеген өмір шындығы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Жексенбінің таңын қазақ халқымен қатар күллі спортсүйер қауым асыға күтті. Себебі бұл күні кәсіби былғары қолғап шеберлерінің бүгінгі жұлдыздары Геннадий Головкин мен Сауль Альварес үшінші жекпе-жегін өткізді. АҚШ-тың Невада штатында өткен кездесуде екі шебер арасындағы текетірестің нүктесі қойылды. Лас-Вегастағы «T-Mobile Arena»-да супер орта салмақтағы абсолюттік әлем чемпионы атағын мексикалық «Канело» Альварес жеңіп алды.

ТРИЛОГИЯ ТӘМАМ

12 раундқа созылған жекпе-жекте төрешілер бірауыздан мексикалық былғары қолғап шеберін жеңімпаз деп таныды. Осылайша, Альварес кәсіпқой мансабындағы 58-ші жеңісіне қол жеткізіп, 168 фунтта абсолютті әлем чемпионы атағын қорғап қалды. Ал Геннадий Головкин өз карьерасында екінші рет жеңілді. Бұл кеште Сауль Альварес абсолютті чемпион атанса, Головкин әлі де бір дивизион төмен «WBA, IBF және IBO титулдарының иесі» атағын сақтап қалды.

Бокс кешінен кейін көпшілікте Головкиннің болашағы жайлы қызығушылық болғаны рас. Бұған былғары қолғап шебері GGG: «Әрине, менің үлкен жоспарларым бар. Менің әлі қарсыласым көп. «Канелоны» және барлық бокссүйер қауымды құттықтаймын. Есіңізде болсын, менде орта салмақтағы үш белбеу бар! Мен қайтып келемін! Мен әлі чемпионмын! − деп жауап берді.

Атаулы жекпе-жекте Геннадий Головкинге үміт артқан жанкүйер қатары көп болды. Күллі қазақстандықтар желіде «Сен біз үшін бәрібір чемпионсың» деген жазбаларын жаңбырша жаудырса, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев рингте спортшыға арнайы хабарласты. «Жанкүйерлер үшін сен халық чемпионы және әлемдегі «ең үздік» болып қала бересің. Біз сені мақтан тұтамыз», − деді Мемлекет басшысы.

Трилогиядан кейін Головкинге қолдау білдіргендер қатары көп болды. Соның ішінде атышулы боксшы Рой Джонс та бар. Ол өз сөзінде Геннадий өз мансабын керемет өткізгенін айтты. «Головкин барын салды. Десе де уақыт өзінікін алады. Ол қарсыласын жеңуге тырысты, бірақ сәтсіз. Менің ойымша, бастапқыда оған Андре Уордпен кездесу керек еді. Бірақ ол Канелоны таңдады және осы үшін оны құрметтеу керек. Ол керемет кәсіпқой бокс мансабын өткізді. Мен оған өмірінің келесі кезеңінде барлық жақсылықты тілеймін», − деді Рой Джонс.

Естеріңізде болса, Головкин мен Канело алғаш рет 2017 жылы жұдырықтасып, тең нәтиже көрсеткен болатын. Ал 2018 жылы төрешілердің шешімімен Канело жеңімпаз атанды. Осылайша 5 жылға созылған әйгілі текетірес трилогиямен аяқталып, «Канело» чемпион атанды.

Румынияның Мамая қаласында шахматтан өткен Әлем чемпионатында жас спортшымыз Алдияр Аңсат қола медаль иеленді. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған 760-қа жуық шахматшы бәсекеге түскен сайыста қызылордалық спортшы жүлделі ІІІ орынды иеленді.

АЛДИЯР АҢСАТ – ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР

Алдияр чемпионатта 11 ойын өткізді. Оның 8-інде жеңіске жетсе, 2-еуінде тең ойын көрсетті. Жас спортшы шахматтың отаны – Үндістан үкілеп қосқан шебердің өзін жеңген. Осылайша шахматшымыз 8,5 ұпай жинап, Сыр елінің спорттық қоржынына тағы бір қола медаль қосты.

Қызылордалық спортшының жеңісін аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев атап өтіп, өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында құттықтады.

− Алдиярдың айтулы интелектуалдық ойынға қызығушылығы 4 жаста оянды. Алты жасында Тайландта өткен шахматтан әлем біріншілігінің жеңімпазы, 8 жасында Қазақстан Республикасының чемпионы болған. Сөйтіп, 11 жасында «Фиде шебері», 13 жасында «Халықаралық дәрежедегі шебер» атағын иемденді. Ендігі Алдиярдың арманы − әлемдегі ең жас «гроссмейстер» атағына қол жеткізу.

Айналайын Алдияр, сен Қазақ елінің, Сыр өңірінің бағына бұйырған жұлдыз бол! Бұл жолы төрткүл дүние төрелігі сенің озық ойыныңа куә болды. Жеңіс құтты болсын! – деп құттықтады облыс әкімі.

ДЗЮДОДАН ЧЕМПИОНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Қызылордадағы «Евразия» спорт кешенінде Дзюдодан 2007-2008 жылы туған жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионаты өтті. Дүбірлі додаға Қазақстанның 17 облысы мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан 20 командадан 707 жас палуан қатысты.

Жарысты Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов салтанатты түрде ашып, 3 күн қатарынан өтетін дүбірлі додаға қатысушыларға сәттілік тіледі. Ол өз сөзінде өңірдің осы спорттағы жетістіктеріне тоқталып, жақында Азия құрлығын бағындырған Мағжан Шамшадин мен Нұрлыхан Шарханды, Әлем чемпионатынан қола медаль еншілеген Айдос Сұлтанғалиды жеңісімен құттықтады.

ҚР дзюдо федерациясының вице президенті Ержан Зайдинов федерация атынан барша қатысушыларды құттықтап, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Үш күнге созылған Сыр еліндегі ҚР чемпионатының нәтижесінде қызылордалық палуандар үш алтын, төрт қола медаль еншіледі. Осылайша жарысты командалық есепте Қызылорда облысы І орынмен аяқтады.

ЕҢ ҚЫМБАТ ФУТБОЛШЫ КІМ?

«ПСЖ» футбол клубының форварды Килиан Мбаппе әлемнің ең қымбат футболисі атанды. Бұл туралы «Sportico» сайты хабарлады.

Француздық шабуылшы париждіктермен жаңа келісімшарт жасасудың арқасында рейтингте бірінші орынға шықты. Оның айтуынша, «ПСЖ»-да ол 105 миллион доллар алады. Тағы 20 миллионды Мбаппеге демеушілік келісімшарттар әкеледі.

Рейтингтегі екінші орынға «Манчестер Юнайтед»-тің шабуылшысы Криштиану Роналду 113 миллионмен тұрақтады. Португалиялық Манчестерден келісімшарт бойынша 53 миллион, демеушілік келісім бойынша 60 миллион доллар алады.

Ең көп ақша табатын футболистер тізімінің үздік үштігінде Лионель Месси бар. «ПСЖ» клубының шабуылшысы 110 миллион доллар табады.

Айта кетерлік жайт, Мбаппе әлемдегі ең қымбат футболшылардың рейтингісінде көш бастап тұр. Халықаралық спорт ты зерттеу орталығы (CIES) оның трансферлік құнын 206 миллион еуроға бағалап отыр.

Бетті дайындаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ
Суреттер ашық дереккөзден алынды

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

The New York Times

БАЙДЕН ҚЫТАЙДЫ ДА «ҚЫСПАҚҚА» АЛМАҚ

АҚШ Украинада соғыс басталған тұста жақтастарымен Ресейге жаппай санкция жариялаған еді. Енді Қытай Тайваньға қысым көрсете бастағанда Байден Пекинге де бірқатар шектеу енгізуді қолға алды. Бұл саяси-экономикалық текетірес туралы «The New York Times» басылымының тілшісі Дэвид Сэнгер «Байден Қытайдың АҚШ-тағы технологиялық инвестициясына тосқауыл қою туралы жаңа бұйрық шығарды» атты мақаласында жазды.

«Президент Байден бейсенбіде федералды үкіметтің Қытайдың Америка Құрама Штаттарындағы технологиялық инвестициясына тосқауыл қою және азаматтардың жеке деректеріне қол жеткізуді шектеу жөніндегі өкілеттіктерін күшейту туралы бұйрыққа қол қояды», − деп АҚШ-тың әкімшілік шенеуніктері хабарлаған еді.

Жаңа бұйрық жарты ғасырға жуық уақыт бұрын Конгресс құрған АҚШ-тағы шетелдік инвестициялар жөніндегі құпия комитеттің әрекетін қауіпсіздендіруге арналған. Көптеген жыл бойы комитеттің өкілеттігі негізінен әскери мердігер сияқты ұлттық қауіпсіздікке тікелей әсер етуі мүмкін американдық фирмаларды шетелдіктердің сатып алуына тосқауыл қоюмен ғана шектелген.

Бірақ жаңа бұйрық «CFIUS» аббревиатурасымен белгілі комитетті шетелдік державаларға негізгі технологияларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін транзакциялардың нақты түрлеріне қатаң назар аударуға бағытталған. Байденнің сөзінше, бұл Американың экономикалық деңгейін көтеруге септігін тигізбек.

Ақ үйдің қысқаша хабарлауына сәйкес, комитет «микроэлектроника, жасанды интеллект, биотехнология және биосимуляция, кванттық есептеулер, озық технологиялар және климаттың өзгеруіне бейімделу технологияларына» әсер етуі мүмкін істерді қарамақ. Бұйрықта Қытай туралы арнайы айтылмағанымен, мұның барлығы жеті жыл бұрын Си Цзиньпин төрағасымен басталған «Қытайда жасалған 2025» бағдарламасының негізгі бағыттары туралы айтылған.

Байденнің бұл бұйрығын американдықтар бірнеше ай бойы күткені рас. Бірақ бұл бұйрық американдық компаниялардың шет елдердегі «шығыс инвестицияларын» реттемейді, дегенмен Байден әкімшілігі мұны да реттейтін жаңа билік органдарын енгізетін секілді.

Британдық құпия барлау қызметінің операциялар және барлау жөніндегі экс-директоры Найджел Инкстер апта басында Қытай барлау қызметкерлері туралы пікір білдірді. Өз сөзінде ол технология немесе өндіріс технологиясындағы құпияларды анықтау Бейжіңнің алға жылжуына септігін тигізетінін айтып, «Қытай үшін бұл барлау жұмыстары аса маңызды» деп жазды. Оның сөзінше, Қытайдың барлау туралы заңында Қытай азаматтарына барлау агенттіктеріне жасырын түрде көмектесуі талап етіледі.

Байденнің жаңа жарлығы бірнеше жылдан бері қызмет етіп келе жатқан комитеттің мүмкіндігін кеңейтіп, жаңа деңгейге шығарады. Соңғы жылдары комитеттің қызметі әлдеқайда артқан. Бүгінде олар тіпті ең аз сомадағы инвестицияларды бақылап, қажет жағдайда бұғаттауға құқылы. Көбіне Калифорниядағы заманауи технология саласында қызмет ететін өндіріс орындарына шоғырланған «Силикон алқабына» құйылған қытайлық инвестиция қатаң бақылауда. Себебі Қытай инвестиция арқылы акцияның көп бөлігін сатып алмай-ақ жаңа технологияларды білуге мүмкіндік алған.

Ақ үйдің мәлімдемесіне сәйкес, жаңа жарлық технологияның көлеміне емес, өзіне тән сипаттамаларына байланысты бақылау орнатуға мүмкіндік береді. Әсіресе «Ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін технологиялардың жетістіктері мен қолданбалары» бақылауда болмақ.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3737 **Тапсырыс №1563**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ